

"Таран ауданының елді мекендерінде мысықтар мен иттерді ұстау Қағидасы туралы" 2006 жылғы 29 наурыздағы № 25 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 167 шешімі. Қостанай облысы Таран ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 15 мамырда № 9-18-92 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 87 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 20.12.2012 № 87 шешімімен (қабылданған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағы 8) тармақшасына, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 311 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына негізінде және осы шешімді қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. "Таран ауданының елді мекендерінде мысықтар мен иттерді ұстау Қағидасы туралы" 2006 жылғы 29 наурыздағы № 25 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіміндегі нөмірі 9-18-27, "Шамшырақ" аудандық газетінің 2006 жылғы 21 сәуірдегі басылымында жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

1 тарау 3 тармағындағы "жергілікті мемлекеттік басқару туралы" деген сөздерден кейін "және өзін-өзі басқару" деген сөздермен толықтырылсын;

2 тараудың тақырыбында "міндеттері" деген сөз "жауапкершілік" деген сөзбен ауыстырылсын;

2 тарау 4 тармақтың бірінші бөлігі жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Мысықтар мен иттер иелері төменде көрсетілген талаптарды орындау қажетті: " ;

2 тарау 4 тармақтың :

1) тармақшасындағы "қараусыз калдырмау" деген сөздерден кейін "қоғамдық орындарда" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшасындағы "осы Қағида талаптарына" деген сөздер "осы Қағидамен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшасындағы "иелерінің міндеттері" деген сөздер "иелеріне тиісті" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) тармақшасындағы "болуға тиіс" деген сөздер "жүзеге асырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшасы алып тасталсын;

9) тармақшасындағы "жануарлардың иелері міндетті" және "жануарлардың жұқпалы ауруларын жою іс-шараларын өткізуге" деген сөздер алып тасталсын;

10) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"10) аумақтарды, объектілерді, күзетші иттермен күзету кезінде, олардың иелері сақтандыру кестелерін іліп қоюға міндетті.";

4 тарау 6 тармақтың бірінші бөлігінде "Рұқсат етіледі:" деген сөз "Жіберіледі:" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 тарау 7 тармақтың:

бірінші бөлігінде "Тыйым салынады:" деген сөз "Жіберілмейді:" деген сөзбен ауыстырылсын;

1) тармақшасындағы ",мас күйіндегі азаматтарға, 14 жасқа дейінгі балаларға" деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақшасындағы "кіреберістерде" деген сөздерден кейін "шатырдың астында, төле," деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшасындағы "тазалауға міндетті" деген сөздер "жинайды" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 тараудың 8 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Мысықтар мен иттер иелері санитарлық-гигиеналық, үй жануарларын ұстау ветеринарлық қағидаларын сақтау тиіс.";

4 тараудың 9 тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Аулада иттерді ұстау кезінде кіре берісінде сақтандыру кестелерін іліп қоюға міндетті. Қоршағандарға қауіп қатер туғызатын және алаңдату әкелетін жайлар анықталмаған жағдайда, мысықтар мен иттер ұстауда олардың саны шектелмейді.";

4 тарау 10 тармақтың екінші абзацы алып тасталсын;

5 тарау жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Мысықтар мен иттер иелерін жауапкершілікке тарту 11. Жануар иесі мысықтар мен иттер ұстау Қағидасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады."

2. Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Он төртінші, кезектен тыс
сессиясының төрайымы Л. Луценко
Аудандық мәслихатының хатшысы Ж. Шинкин

КЕЛІСІЛДІ:

"Таран ауданының ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы Қ. Сатыбалдин
2009 жылғы 10 сәуірдегі

"Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау комитетінің
Қостанай облысы бойынша департаменті
Таран ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-
эпидемиологиялық қадағалау басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің бастығы Б. Көпжасаров
2009 жылғы 10 сәуірдегі

"Қазақстан Республикасы
ауылшаруашылығы Министрлігінің
агроөнеркәсіптік кешендегі
мемлекеттік инспекция Комитетінің
Таран аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің бастығы В. Балан
2009 жылғы 10 сәуірдегі